



П.ЧАЙКОВСКИЙ АТЫНДАҒЫ
АЛМАТЫ МУЗЫКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ
АЛМАТИНСКИЙ МУЗЫКАЛЬНЫЙ
КОЛЛЕДЖ ИМ.П.ЧАЙКОВСКОГО



Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, даңқты композитор, әнші Ескендір
Хасанғалиевтің 85 жылдық мерейтойына орай «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша «Көшпенділер әуені» VII
Республикалық Дәстүрлі орындаушылар конкурсының
ЕСЕБІ

2025 жыл

2025 жылы ақпан айының 26-28 жұлдызы аралығында Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі, «Хасанғалиев әлемі» мәдениетті қолдау қорының қолдауымен Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, даңқты композитор, әнші Ескендір Хасанғалиевтің 85 жылдық мерейтойына орай «Дәстүрлі ән» номинациясы бойынша «Көшпенділер әуені» VII Республикалық Дәстүрлі орындаушылар конкурсы өтті.

Көшпенділер әуені байқауына Алтай мен Атыраудың арасын алып жатқан ұлан-ғайыр даламыздың түкпір-түкпірінен 27 талантты үміткерлер өз бақтарын сынады.

Байқаудың өтуіне қолдау білдірген «Хасанғалиев әлемі» мәдениетті қолдау қорына, Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің басшылығына және «БеНТ» акционерлік қоғамының президенті Дильмурат Пірмұхамедұлы Кузиев мырзаға өз алғысымызды білдіреміз!

Байқауға қатысушылардың өнерін бағалауға елімізге белгілі өнер қайраткерлері шақырылды. Олардың қатарында: қазылар алқасының төрайымы - Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының доценті, филология ғылымдарының кандидаты, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің кавалері Байбосынова Ұлжан Мәлікайдарқызы.

Қазылар алқасының мүшелері: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, Халық әні кафедрасының аға оқытушысы, ҚР мәдениет саласының үздігі – Құрманғалиев Тілеулес Құралбайұлы, Жамбыл атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық филармониясы директорының орынбасары, ҚР Мәдениет саласының үздігі – Абзал Қуанышұлы, Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясының ғылыми-зерттеу фольклорлық зертханасының жетекшісі, Халық әні кафедрасының аға оқытушысы, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Phd докторы – Бәбіжан Бағлан Жолдасқызы, Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің «Дәстүрлі ән салу» пәндік-циклдік комиссиясының төрайымы, педагогика ғылымдарының магистрі – Алшынова Гүлім Сәкенқызы.

Ескендір Хасанғалиев атындағы арнайы жүлде иегерлері:

1. Әлдібай Таңжарық Бағашарұлы – Жүсіпбек Елебеков атындағы РЭЦК студенті. Алматы қаласы
2. Көшкінбаев Алмас Бақытұлы. Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенті. Алматы қаласы.
3. Зинат Нұрдана Нұрланқызы. Орал қаласы, Құрманғазы атындағы саз колледжінің студенті.

4. Тұрсынғазы Досхан Сұңқарұлы. Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің студенті. Семей қаласы.

Байқау дипломанттары:

1. Нышанбай Сұлтанмұхамед. Шымкент қалалық саз колледжінің студенті.
2. Махмутова Ақнұр. Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті колледжінің студенті.
Астана қаласы.

Байқаудың 3 орын жүлдегерлері:

1. Қаржаубай Диляра. Маңғыстау өнер колледжінің студенті. Маңғыстау облысы.
2. Мәдібек Нұрасыл Бейбітұлы. Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенті. Алматы қаласы.
3. Ермұрат Асқат. Жүсіпбек Елебеков атындағы РЭЦК студенті. Алматы қаласы
4. Асқарқызы Нұрайым. Мұқан Төлебаев атындағы музыкалық колледжінің студенті. Семей қаласы.

Байқаудың 2 орын жүлдегерлері:

1. Қыбырай Үміт Русланқызы. Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенті. Алматы қаласы.
2. Касимова Аяжан Ерденқызы. Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенті. Алматы қаласы.

Байқаудың 1-орын иегерлері:

1. Ортай Еңлік Асқарқызы. Петр Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің студенті. Алматы қаласы.
(ұстазы: Шаңбай Есбол Жарылқасынұлы)
2. Нүптеке Іңкәр Нұрманқызы. Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті колледжінің студенті.
Астана қаласы.

Қазылар алқасының шешімімен байқаудың бас жүлдесі ешкімге тағайындалмады.

